6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған А.И. Игисенованың «Медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін зерттеу негізінде егде жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруді ғылыми негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

А. И. Игисенованың «Медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін зерттеу негізінде егде жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруді ғылыми негіздеу» атты диссертациялық жұмысы егде және қарт жастағы адамдардың медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмектің белгілі бір қызмет түріне деген қажеттілік деңгейлерін АМСК деңгейінде есептеуге мүмкіндік беретін, ТСБАСЖ компьютерлік бағдарламасын қолдана отырып, егде жастағы адамдардың медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін талдау негізінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді жетілдіру тәсілдерін әзірлеуге арналған.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңашылдығы ТСБАСЖ әдістемесінің қолданылауына негізделген, аталмыш әдістеме егде жастағы және қарт қала тұрғындарының қазіргі таңда АМСК деңгейінде көрсетілетін медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек қажеттілігін саралап, бағалауға мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар, егде жастағы адамдардың денсаулығының жай-күйін және олардың медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек түрлеріне деген қажеттілігін зерттеу негізінде, Қазақстандағы гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді жетілдіру жолдарын әзірленіп, ұйымдастырушылық-функционалді үлгі (модель) дайындалды.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, аталған мәселенің қазіргі таңдағы ахуалына шолудан, зерттеу әдіснамасынан, 5 тараудан тұратын жеке зерттеуден, тұжырым, қорытынды, практикалық ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Кіріспеде жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігі толығымен ашылған, мақсаттар қойылып, зерттеу міндеті анықталған, сондай-ақ ғылыми жаңашылдық пен практикалық маңыздылығы көрсетілген.

Отандық және әлемдік әдебиеттердің 168 дереккөзін саралай келе, докторант, егде және қарт жастағы адамдардың денсаулығын күтіп, олардың белсенді өмір кезеңін бірқатар іс-шаралар кешенінің көмегімен барынша ұзартудың қажеттілігін дәйекті дәлелдеген, сонымен қатар мұнда медициналық-әлеуметтік көмекті дұрыс ұйымдастыруға баса назар аударылады. Егде және қарт жастағы адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің көпжылдық оразан зор тәжірибесіне ие дамыған елдердің тәжірибесін зерттей келе, автор «Тәуелділікті сандық бағалаудың автоматтандырылған сарапатамалық жүйесі (ТСБАСЖ)» деп аталатын

компьютерлік бағдарлама түріндегі үлгіні әзірледі. Бұл технология егде жастағы адамдардың қажеттіліктерін АМСК деңгейінде анықтау негізінде, оларға медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызметтерді көрсетуді жетілдіру жолдарын дайындауға мүмкіндік туғызды. (2003 жылы Д.Ф.Чеботарёв атындағы Украина МҒҰА геронтология институтында дайындалып) енгізілген.

Бұл жұмыс, сөзсіз, практикалық маңызға ие және оның нәтижелері Қазақстандағы гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсетуді жетілдіру құралы ретінде қолданыла алады.

А.И. Игисенованың диссертациялық жұмысы берілген міндеттерді шешудің жаңа нақты шешімдерін қамтитын, аяқталған дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

А.И. Игисенова жүргізген зерттеу жұмысы автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті меңгергенін, терең ғылыми ізденістер жүргізу даярлығының жоғары деңгейде екендігін аңғартады.

Диссертация материалдары бойынша 26 ғылыми еңбек, оның ішінде Scopus компаниясының деректер қорына кіретін халықаралық ғылыми басылымда 2 мақала жарияланды.

Бұл зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндігін толығымен мақұлдаймын және оның авторы, Игисенова Альфия Имангалиевнаны 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

«Жалпы тәжірибе дәрігері»
кафедрасының доценті, PhD Абикулова А.К.

КЕҢСЕ
КАНЦЕЛЯРИЯСЫ
ҚОЛЫН ТАЙМАН
С.Ж.Асфендияров атындағы
ҚазҰМУ-дың кеңсесі
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Зав. канцелярией
КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова